

Мазмұны  
目录  
Content



丝路青年  
The Silk Way  
YOUTH

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ  
«BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық онлайн-форумында сөйлеген сөзі / 3
- Қиындықтарды бірге еңсерген жыл /Әкбар МӘЖИТҰЛЫ / 4
- Жаңа тағайындалған Денсаулық сақтау министрі  
Алексей ЦОЙ Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫ  
коронавируспен күресудің жоспарымен таныстырды / 6
- «Қытай жаһандық денсаулық сақтауға үлес қосуда» /Чжан СЯО / 8
- Еріктілердің Ерлігі ұмытылмайды /Солтанай ЖӘНІБЕК / 9
- Ауыл азаматынан мемлекет басшысына дейінгі өмір жолы /Яо Пэйшен / 10
- Індетке қарсы іргелі күрес /Исатай ҚАМБАРОВ / 14
- Ел арасы алшақ болсада, дорстығымыз байанды /Сұң ЖЯНЛИН / 16
- Қытайлық дәрігерлер көмекке келді /Сырым ҒАБИДОЛЛАҰЛЫ / 18
- Жібек жолы жастарының жүрекжарды лебіздері /Қарлығаш ҚАБЫЛТАЙ / 20
- «Шипагерлік баян» –Қазақ медицинасының жауһары /Бақытбек ТОҚТАСЫНҰЛЫ / 22
- Өтейбойдақ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫ – Адамзатқа ортақ Ғұлама /Шәйакымет ҚАЛИ / 25
- 哈萨克斯坦总统 哈斯穆·卓玛尔特·托卡耶夫在全体国民在线论坛上的讲话“我们在一起” / 29
- 风雨同舟的一年 /艾克拜尔·米吉提 / 31
- 哈萨克斯坦卫生部部长阿列克谢·崔就当前哈国内疫情形势提出新措施 / 32
- 疫情凸显构建人类命运共同体重要性 /张霄 / 33
- 志愿心声，众志成城 /苏力坦·贾尼别克 / 34
- 从农村少年到国家元首 /姚培生 / 35
- 国际间合作是战胜疫情最有力的武器 /依沙泰·哈木巴尔耶夫 / 38
- 道路尽管遥远，友谊地久天长 / 40

Мазмұны  
目录  
Content



丝路青年  
The Silk Way  
YOUTH

患难见真情，中国医疗队来了 / 斯尔木·哈毕都拉 / 42

丝路青年抗疫心声 / 哈力哈什·哈布勒塔依 / 43

《奇帕格尔利克巴彦》——哈萨克医学的瑰宝 / 巴克特拜克·托哈塔西 / 44

乌太波依达克·特列乌哈布勒——民间科学家 / 夏亚合买提·哈力 / 46

Kazakh President Kassym-Jomart Tokayev Delivers a Speech  
at the National Online Forum “We are together” / 49

A Year Through Thick and Thin / Akebar Majit / 50

Alexey Tsoi, the Newly appointed Minister of Health of the Republic of Kazakhstan, presents to  
President his Opinions on Kazakhstan’s Domestic Epidemic Situation / 51

COVID-19 Reveals the Importance of Building A Community of Shared Future for Mankind  
/Zhang Xiao / 52

Volunteers Work Won’t be Forgotten / Sultanai Zhanibek / 53

From a Rural Talent to the Head of State / Yao Peisheng / 54

Fighting COVID-19 Pandemic / Isatay Hambarev / 57

Our Friendship Lasts Forever Despite of Long Distance / Song Jianlin / 59

“True Friends Are Recognized in Trying Times” Here Come the Chinese Medical Expert Team!  
/Serem Habidolla / 61

Kazakh Students Share their COVID-19 Stories / Kharelgash Khabeltay / 63

«Sheypagerlik bayan» -Treasure of Kazakh’s Traditional Medicine / Bakhetbek Tokhtasen / 65

Oteyboydak Tileukabyluly A Citizen Scientist / Shayahemet Haly / 68



Мемлекет басшысы Қасым-  
Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ  
«BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық  
онлайн-форумында сөйлеген сөзі

Құрметті отандастар!

Бүгінде әлемдегі барлық елдер, соның ішінде Қазақстан да коронавирус індетіне қарсы күрес жүргізуде.

Бұл – әрине, өте ауқымды әрі күрделі жұмыс. Осыған орай мемлекет тарапынан теңдессіз шаралар қабылданды. Коронавируспен күресу үшін бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік таратылды. Шағын және орта бизнес өкілдеріне бірқатар жеңілдік жасалды.

Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан да көлемді қаржы бөлініп, мұқтаж жандарға нақты көмек беріліп жатыр. Бұл жұмысты Нұр-Отан партиясы белсенді түрде жүзеге асыруда. Осының бәрі бірлігіміздің бекемдігін көрсетеді. Дегенмен, бұл аса жұқпалы дерт азаматтарымыздың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп, халықтың әл-ауқатына нұқсан келтіруде. Ең алдымен, осы кеселден қайтыс болған адамдардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын. Сондай-ақ, вирус жұқтырғандардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін. Осындай күрделі кезеңде барша жұрт жауапкершілік танытудың қаншалықты маңызды екенін түсінді деп ойлаймын.

Әр адам өзінің, туыстары мен жақын адамдарының денсаулығына мұқият болуы керек. Бұл – қазіргі заманның талабы. Індетті жеңу – әрбір азаматтың өз қолында. Бұл, ең алдымен, қарапайым қағиданы ұстанудан басталады. Бетперде тағып жүру, тазалық сақтау және әлеуметтік қашықтықты ұстану – өте маңызды. Өйткені, бұл сіздің және өзге адамдардың денсаулығы үшін аса қажет. Тағы да қайталап айтамын: «Сақ жүрсен, сау жүресің», «Сақтықта – қорлық жоқ».

Сондықтан, азаматтарды қорғау үшін біз барлық қажетті шараларды жедел түрде қолға алдық және осы жұмысты әрі қарай жалғастыра береміз. Мен Құқық қорғау органдарының еңбегін де ерекше атап өткім келеді. Елдегі тәртіп сақшыларына аса маңызды міндет жүктеліп отыр. Қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық полицияның мінсіз қызметіне байланысты. Сіздер күрделі Төтенше жағдай кезеңінен абыроймен

өттіңіздер. Бүгінде карантин шараларының сақталуын қадағалап, бекеттерде қызмет етіп келесіздер.

Бұл – оңай жұмыс емес. Тіпті, қоғам өкілдері тарапынан сынға ұшыраған кездеріңіз де болды. Әрине, кәсіби тұрғыдан біліксіздік танытқан полиция қызметкерлері де жоқ емес. Осындай жекелеген жағдайлар бүкіл құқық қорғау органдарының беделіне зиян келтіреді. Дегенмен, тәртіп сақшыларының басым бөлігі – адал қызмет етіп жатқан азаматтар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Осы ретте, Ішкі істер органдарының барлық қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен – Полиция күнімен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекеттік қызметшілердің және ақ халатты абзал жандардың төл мерекелері құтты болсын! Отан алдындағы сертке берік болғандарыңыз үшін баршаңызға алғыс айтамын. Сондай-ақ, әскери қызметкерлер, еріктілер, мемлекеттік қызметшілер, қайырымдылық ұйымдарының өкілдері, журналистер және басқа да белсенді азаматтарымыз зор құрметке лайық. Сіздердің арқаларыңызда коронавируспен күрестің күрделі кезеңдерін еңсеріп келеміз. Баршаңызды бейбіт күннің батырлары деуге болады.

Біз өздеріңізді мақтан тұтамыз. Қажырлы еңбектеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі форумда коронавируспен күрестің алдыңғы шебінде жүрген азаматтарға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді. Осыған орай, мен «Халық алғысы» атты арнайы медаль тапсыруды ұйғардым. Бұл – осындай қиын-қыстау уақытта аянбай еңбек еткен азаматтарға арналған жаңа мемлекеттік марапат. Осы медаль нағыз Отаншыл жандарға тапсырылады деп сенемін. Бүгін «BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық онлайн-форумы аясында осы медальмен бір топ азаматты марапаттаймыз. Жалпы, пандемияға қарсы науқанға белсенді атсалысқан ел тұрғындары мемлекеттік наградалармен марапатталады. Осы індеттен құтылған соң Елордамызда азаматтарымыздың ерлігіне арналған ескерткіш қоюымыз керек. Барша Қазақстан азаматтарына амандық, игілік тілеймін! Біз міндетті түрде жеңеміз! Себебі, Біз – біргеміз!

# Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент болып сайланғанына 1 жыл

## ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БІРГЕ ЕҢСЕРГЕН ЖЫЛ

Әкбар МӘЖИТҰЛЫ



2019 жылы 12 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының екінші кезекті Президенті болып сайланды. Содан бері көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты. Бұл күн ардақтап атап айтуға тұрағын сындарлы кезең.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы бір жылда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев негізін қалаған ел басқару стратегиясын жалғастырып, Қазақстан халқына басшылық жасап, республиканың одан әрі байыпты да баянды дамуына үлкен үлес қосты. Қасым-Жомарт Тоқаев дос, көрші ел Қытаймен болған стратегиялық, серіктестік қатынасты дамытып, қазақстандық «Нұрлы жол» мен Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бағдарламаларын өскелең өреде ұштастырып, дүниені мойындатқан табыстарға қол жеткізуге айрықша мән береді. Бұл – дүниені жалт қаратқан табыстарға қол жеткен, әрі қиын-қыстау шақтарды бірге өткізген жыл болды.

2019 жылы сәуірдің 10-нан 12-сіне дейін Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзинпиннің ұсынысы бойынша Қытайда

мемлекеттік іс сапарда болған кезде, екі елдің жоғары лауазымды басшылары Қазақстан мен Қытай қатынасын ұзақ мерзімді және жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынас деңгейіне көтеруді ұйғарды. Бұл екі ел арасында мызғымас достық қарым-қатынастың әлдеқашан қалыптасқанын, екі ел қатынасының жаңа кезеңге аяқ басқанын айғақтайды.

Сол кезде, тұтас Қытай халқы CCTV телеарнасының «Әлем аясында» атты бағдарламасының әйгілі тележүргізушісі Шүй Жүний жасаған сұхбатынан президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай тілінде өте жатық сөйлегенін көрді, көрермендер бұдан ерекше әсер алды. Қасым-Жомарт Тоқаев сол бір кеште Қытай халқының көңіл төрінен құрметті орын алды. Тіл мен

Мәдениеттің ғажайып құдіреті, міне, осында. Тіл – адамдар жүрегін жақындататын алтын көпір.

2020 жылға қадам басқан тұста, коронавирус індеті бүкіл дүниеге тарай бастады. Уханьда індет таралған алғашқы тұста, Қазақстан Қытайға 14,5 тонна гуманитарлық көмек беріп, басқа күн туғанда жанашырлық көрсетті. Наурыздың 9-ында, Қазақстанда Германиядан келген Қазақстан азаматынан коронавирус анықталды, іле-шала індеттің Қазақстанның республикалық маңызы бар 3 қаласы мен 14 облысына да таралғаны белгілі болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «төтенше жағдай» жариялаған мезгілде, Қытай бір топ мамандарын Қазақстанға жіберіп, олар 15 күн тәжірибелерімен бөлісті. Қытай үкіметі мен халықтық ұйымдары да Қазақстанға зор адамгершілік көмек көрсетті, Қытай-Қазақстан елдерінің көршілес достық қатынасы одан әрі нығая түсті.

Қытай мемлекетінің төрағасы Си Цзинпин наурыздың 24-інде Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен телефон арқылы сөйлескенде: «Коронавирус тосыннан тап беріп, әр ел ауыр сын-



қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Қытайдағы індеттен сақтанудың ең қиын-қыстау кезінде Қазақстанның үкіметі мен әр саласы барынша қолдау көрсетті. Қазір Қазақстанда да індет өршіп барады. Десе де үкімет шұғыл шаралар қабылдап, ел алдындағы жауапкершілігін көрсетті. Индет келеді, кетеді. Ал достық пен ынтымақтастық – мәңгілік құндылықтар. Индет екі ел ынтымақтастығына сын-сайыстар ала келгенімен, тың мүмкіндіктерді де сыйлайды. Осы алмағайып кезеңнен өткен соң, Қытай мен Қазақстан бірге құрған «Бір белдеу, бір жол» жобасы сөзсіз мұнан да зор жетістікке жететін болады» – деді.

«Бүкіл әлем Қытай медицинасының зор әлеуеті мен дәрігерлерінің жоғары кәсібилігіне тәнті болды. Қытай күрделі де қиын қауіп-қатерлерді еңсерудегі айрықша нәтижелі қарым-қабілетін көрсетті. Қазақстан мұны жоғары бағалайды, әрі індетке қарсы күрестегі жеңісімен құттықтайды. Қазір коронавирус індеті тұтас әлемге етек жайды. Қазақстан да бұдан тыс қалған жоқ. Қазақстан Қытай мемлекетімен ынтымақтастықты күшейтіп, індетті тезірек жеңгісі келеді» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Индет кезінде мен «Абайдың өлеңдер жинағын» аударумен бірге, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласы мен ол жазған «Абай мұрасы – адамзатқа ортақ» Абай Құнанбаев шығармалары жинағына алғысөзді» де аудардым. Мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған «Абайды терең тану», «Абай шығармаларын оқудан жалықпау», Абай өлеңдерін жаттау» әрі «Абайдың ұшан-теңіз мұрасы арқылы Қазақтың жаңаша ұлттық болмысын сомдау» деген пікірімен әбден келісемін. Биыл ұлы Абайдың дүниеге келгеніне 175 жыл, Қазақстан халқы Абай рухын асқақ тұтып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білікті басшылығымен Қазақстанның озық дамыған елдер қатарын толықтыруына тілектестік білдіремін.

Қытай тілінен аударған  
 Қанатбек ЖҰМАБАЙҰЛЫ

## Жаңа тағайындалған Денсаулық сақтау министрі Алексей ЦОЙ Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫ коронавируспен күресудің жоспарымен таныстырды

Министрдің пікірінше, Үкіметтің көктемде қолға алған шаралары вирустың жаппай таралуының алдын алған.

«Қазақстанда коронавирустан болатын өлім-жітім көрсеткіші өзге елдермен салыстырғанда жоғары екенін атап өту керек. Дегенмен, халық аурудан сақтанудың жолдарын, қауіпсіздік шараларын сақтауды үйрене бастады. Ал, карантин шараларын әлсіреткенде вирустың тарауы ірі қалаларда мемлекеттік сипатқа көшті», - деді министр Ақордада өткен жиында.

Оның айтуынша, коронавирус инфекциясымен күресудің әдіс-тәсілдері жиі өзгере бергендіктен, халықтың билікке деген сенімі жоғалған. Ал, халықтың дәрі-дәрмекті жаппай сатып алуынан дәріханаларда дефицит пайда болып, шын мұқтаждарға жетпей қалып жатыр. Министрдің пікірінше, қазір коронавируспен күресудің жаңа әдістерін ойлап табу қажеттілігі туындаған.

«Министрлік тұрғындар бетпе-бет келіп жатқан

проблемаларды талдап, медициналық қызметке сұраныстың күрт артқанын көріп отыр. Медициналық көмек көрсетуде жұқтыру қаупінің жоғары болуы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің, жедел-жәрдем бригадаларының, төсек-орынның, дәрі-дәрмектің тапшылығына әкелді. Пандемия мерзімінің белгісіздігі, нақты ем-домның болмауы, ертеңге деген сенімнің болмауы – халықтың ғана емес, медицина мамандарының да үрейін туғызып отыр. Сондықтан, халықпен ашық диалог жасап, коронавирустың алдағы бірнеше жыл жалғасатынын түсіндіруіміз керек», - деді А. Цой.

Жаңа министр COVID-19 вирусымен күресудің 10 жаңа әдісін ұсынды:

1. Амбулаторлық деңгейде инфекцияны емдеудің қарапайым және түсінікті нұсқаулықтарын әзірлеу;
2. Дәрі-дәрмек сатып алу және жеткізу жұмыстарын жылдамдату, отандық өндірушілерге басымдық беру;
3. COVID-19 диагностикасында цифрлық рентген аппараттарын компьютерлік томографиямен бірге қолдану арқылы диагностиканың қол жетімділігін арттыру;
4. Сынақ зертханаларының мүмкіндіктерін кеңейту, тесттерді уақытында жеткізу;
5. Шақырту кезінде мобиль топтардың сынақ қоршауларын ұйымдастыру;
6. Науқастарға үйінде ең қауіпсіз медициналық көмек көрсету;
7. Амбулаторлық деңгейде қашықтан кеңес беру;
8. Ауруханаларды жасанды тыныс беру аппаратымен жабдықтау;
9. Жерлеу тәртібін өзгерту;
10. Тұрғындардың қауіпсіздік шараларын сақтауын арттыру.

Алексей Цой сондай-ақ, еліміздегі эпидемиологиялық жағдайдың 3 түрлі сценарий бойынша дамуы мүмкін екенін де атап көрсетті.

Бірінші сценарий бойынша: карантинсіз тамыз

айының соңына қарай COVID-19 жұқтырған күніне 27 мың науқас тіркеледі. Инфекциялық және провизорлық стационарларда орындарға деген қажеттілік 300 мың адамға бағаланады.

Екінші сценарий екі апталық ұлттық локдаунды қамтиды. Бұл ретте ауруханаға жатқызуды талап ететін күніне жеті мың жағдайға дейін тіркелетін болады.

Үшінші сценарий төрт апталық локдаун болса, эпидемияның дамуын көрсетеді. Ол кезде тамыз айының соңында ауруханаға жатқызуды талап ететін күніне 2500 оқиға тіркеліп, төсек қажеттілігі 30 мыңға дейін өседі.

«Бұл болжам халық арасында жұқтыру тізбегінің алшақтығы, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды дайындау тұрғысынан аса тиімді деп санаймын», – деп мәлімдеді Алексей Цой Президент алдында сөйлеген сөзінде.

Сондай-ақ ол қазақстандық ғалымдардың аурудың бактериялық және вирустық табиғатын зерттеп жатқанын айтып өтті. Оның мәлімдеуінше, бұл зерттеулер коронавирустың науқастар арасында асқинуының алдын алу үшін маңызды болмақ. Ал зерттеу нәтижелері 3 шілде күні жарияланады екен.

Министр одан бөлек медициналық көмекті ұйымдастыруда мынадай шараларды да атап көрсетті:

- \* COVID-19-ға қарсы шараларға қосымша қаражат бөлу;
- \* тарифтік саясатты қайта қарастыру;
- \* дәрігерлерді қолдау;
- \* коронавирус диагностикасы;
- \* 2020-2025 жылға арналған денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік бағдарламаға түзетулер енгізу.

«Менің ойымша, бұл мәселелер коронавирустың таралуын тоқтату үшін және тиісті инфрақұрылымдық шараларды жүзеге асыру үшін аса қажетті міндеттер», – деді Цой.





ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН

## «ҚЫТАЙ ЖАҒАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУҒА ҮЛЕС ҚОСУДА»

Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан СЯО

Қытай дамушы елдердің коронавируспен күресін қолдауға, сондай-ақ Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы аясында эпидемиямен күрес бойынша ауқымдырақ халықаралық ынтымақтастықты кеңейту үшін ДДСҰ-на 20 миллион доллар бөледі.

Бұл, вируспен күресте жағдайдың күн сайын Қытайда тұрақтанып келе жатқанын, үңгір түбінен сәуле көрінгенін аңғартады. Ең бастысы, әлемдік держава ретінде Қытай өзінің жауапкершілігін айқын сезінеді және жаһандық қоғамдық денсаулық сақтау саласына өзіндік үлесін қосуға дайын.

Қытай үшін вирусты өз елімізде жеңу – бұл, тек алғашқы қадам ғана, вирус бүкіл әлемде жойылған күні ғана түпкілікті жеңіске жетеміз. Сондықтан да ол кезінде Қытайды қолдаған, өздері де вирус соққысына душар болған елдерге көмек көрсетуге белсенді түрде кірісті.

Қытайлықтар мындаған жылдар бойы: «Айтылды – орындалды» ұстанымымен өмір сүріп келеді. Біз өз достарымыз бен әріптестерімізді қатерлі вируспен бетпе-бет қалдырмаймыз, қолдан келгеннің бәрін жасаймыз: медициналық техника, медициналық керек-жарақтар, аса құнды тәжірибе, мамандар шұғыл түрде және толық көлемде жеткізілетін болады.

Бүгінде бүкіл әлем теңдессіз эпидемиямен күресіп жатқан кезде, адамзат қоғамдастығының бірегей тағдыр тұжырымдамасы көптеген өткір жаһандық мәселелердің шешімі тұрғысынан өзекті әрі аса маңызды бола түсуде. Бұл жағдай мультилатерализм (көптарптылық) – жалғыз сенімді жол екенін тағы да дәлелдеп берді.


## Еріктілердің Ерлігі ұмытылмайды

Солтанай ЖӘНІБЕК

Құрметті Қасым жомарт кемелұлы. Құрметті Көрермен қауым, мен Асфендияров атындағы медицина университетінің студентімін.

Басқа студенттер қусап қашықтықтан білімімді жалғап үйде жүрсемде болады. Сіздің пандемияға қарсы үндеуіңізден кейін және болашақ дәрігер болған соң, үйде жата алмадым. Тез арада еріктілер қатарына қосылып, күрестің алдыңғы шебінен бірақ шықтым. Қазір бұл шешіміме мүлдем өкінбеймін, өйткені осы жасымда еліме тиген үлкен пайдамды көрдім. Мындаған адамға көмек көрсетудің рухани рахатын сезіндім. Бір ғана Алматы да 30000 отбасының риясыз ақ алғысын берекелі батасын алдым.

Ең бастысы бірліктің, достықтың, жанашырлықтың, күдіретін білдім. Міне осының барлығы өзіңіз бас болған тұтас мемлекетіміздің жұмысының жемісі. Әрине белгісіз ауруды жұқтырамыз ба деген қорқыныш та нақты қатерде болды. Ел басына қатер төнгенде оның барлығы да ұмытылады екен. Жоқ бұл әдемі сөздер емес, бізде батыр емеспіз, деседе оған лайық бола алатын ұрпақпыз. Өз басым осындай ұрпағы бар қазақстан мәңгілік ел болатынына сенем. Бұл індетті барлығымыз бірге жеңейік, баршаңызға мың алғыс.



# «Нұр Сұлтан Назарбаевтың өмірбаяны»: ауыл азаматынан мемлекет басшысына дейінгі өмір жолы

(Қазақстанның ұлт көсемі, көрнекті саясаткер, стратег – «Нұр Сұлтан Назарбаевтың өмірбаяны» атты кітапқа алғы сөз)

Яо Пэйшен

Оқырман қауым қолындағы «Нұр Сұлтан Назарбаевтың өмірбаяны» атты бұл кітап оқып шығуға әбден тағиды. Әсіресе, Қазақстанның тұңғыш президенті – Нұр Сұлтан Назарбаевты зерттеумен шұғылданған маман оқымыстылар жөнінен айтқанда, бұл кітапты оқып шыққаннан соң, осынау ел басының мемлекеттің тәуелсіздік жолына түсуіне қалай басшылық еткендігін, одан соң, түрлі қиыншылықтарды жеңу барысында мемлекетті орта Азияның серкесіне қалай айналдырғандығын жан жақты түсінуіне болады.

Бұл кітаптан маған аса терең әсер қалдырғаны мынау: Назарбаев сонау жас кезінен-ақ жүйрік болар сүйрік бейне байқатты, қоғамға шыққаннан кейін, домна пешке от жағатын кәдуілгі қара жұмыскерден бастап еткен еңбек, төккен тердің арқасында біртіндеп биік белестерге көтеріліп, мемлекеттің ең жоғары басшысы дәрежесіне жетті. Осы аралықта кездейсоқ секіріп өрлеу болған жоқ, айта берсең әуелі бірнеше ай күзетші болып істегені бар. Қытайдың ұлы ғұламасы Мың Зының «Жаратушы ұлы іс тындыратын ұлы тұлғаны әуел баста аяусыз жан азабы мен тән азабына салып, бір басына азап атаулыны үйіп-төгіп, бір терінің ішінде сан арытып, сан семіртіп, әбден илеп-пысырып шынықтырып, шыңдайды» деген тәлімияты Назарбаев өмірінде өз қалпында дәлелденді. Осы өмірбаянды президент кеңсесінің директоры Қасымбеков жазды. Қасымбеков ұзақ жылдар Назарбаевпен қызметтес болды, Назарбаевтың президент болғаннан кейінгі қызметтеріне, өмір көшірмелеріне өте қанық. Автор бұл өмір баянды жазуға өте көп күш салғандығы кітаптың өзінен көрініп тұрады. Өмірбаянда Назарбаевтың сан қилы өмір кешулері жылнама үлгісінде жазылғанымен, бірақ, төл шығармалық қасиеті өте айқын болумен бірге, бағыттамалық сипаты күшті материалдар, деталдар ерекше көңіл қоя талдап алынған. Айталық, Назарбаев 12 жастағы

кезінде музыкаға өте құштарланды. Домбырашы және гармонист аталып жүрді, әрі өз туындыларын жаратты. Кейін мемлекет тәуелсіздік алғаннан соң, Қазақстанның мемлекет әні тексін өз қолымен өзгерткендігіне, әрі белгілеп тұрақтандырғанына қайран қалу қажетсіз болатыны осы себептен. Сондықтан, Қазақстанның мемлекет әні, әуені айбынды, мағынасы терең тамаша туынды болып шықты.

Мен Назарбаевты 1993-жылы Қытайға ресми сапармен келген кезінде тұңғыш рет көрдім. Сол кезде мен сыртқы істер министрлігінің Еуразия мекемесінің бастығы ретінде екі ел басшысының ең жоғары мәжілісіне қатынастым. Назарбаев сөз жариялап, Қазақстан мен Қытайдың тау-өзендері тұтасқан көне көршілер екендігін, екі ел мәңгілік тату көрші болу керектігін айтты. Сапар кезінде ол менің серік болуымда Шанхайда болып, пудүн жаңа районын көзден кешірді. Жаңа район басшысымен әңгімеде болған кезінде мен оның Қытайдың шетел қаржысын қалай баурағандығына ерекше көңіл бөлгенін байқадым. Мен 2000-жылдың басынан, 2003-жылдың соңына дейін Қазақстанда бас елші болып тұрдым. Әрине, осы мезгілде Назарбаевпен көп рет кездесіп, өте жақын жүздесу орайына ие болдым. Менің ол кісі жөніндегі түсінігім де тереңдей түсті. Ол мемлекетке басшылық етіп түрлі жақтарда мол табыстарға қол жеткізді. Сондықтан, халық оны «Халық көсемі» деп атады. Назарбаев білім үйренуден еш жалықпайтын аса бауырымды ұлт көсемі. Айтуға батыл, істеуге жүректі ізденімпаз жан. Оның Қытаймен араластығы сонау 60 неше жылдың алдында басталған.

Үйренуден жалықпайтын білім құмар басшы.

Осы кітапта айтылған тарихи материалдардан көрініп тұр: Назарбаев кішкентайынан білімді беріле

үйренген, орта мектептегі кезінен бастап жазған оқу естеліктері, алған сыйлықтары, қызметке шыққаннан бастап жазған естеліктері, мемлекет басшысы болғаннан кейін сөйлеген сөздерін өзгертіп сақтаған нұсқалары, ескерткіш сарайға сызып берген жобасы... міне, осылардың бәрі-бәрі оның осындай қажырлы үйренудің арқасында табысқа жеткендігін дәлелдейді. Назарбаев орта мектептегі және университеттегі кезінде неміс тілін үйренді. Президент болғаннан кейін ағылшын тіліне ден қойды, бұл кезде ол 50 жасты еңсере бастаған еді. Кітапта оның үйрену естеліктері көрсетілген. Осы естеліктерден оның ағылшын тіліне қатты қызыға кіріскенін білуге болады. Бұл естеліктердегі түп нұсқалар тұңғыш рет жаряланып отыр. Үйренудің маңыздылығы туралы тоқталғанда тұңғыш президент былай дегені бар: «Мемлекет білімді негіз етіп даму бағытын таңдап отыр. Сондықтан әр елдің жаратылыстық байлыққа және арзан еңбек күшке қарап белгіленетін басымдылығы барған сайын азайып барады. Оның үстіне, ғылым-техникада жаңалық жаратуға және білімге қарап белгіленетін болып келеді». Ол жастар жағын жебеп: «Құлшынған үстіне құлшыну керек... білім үйренудің шет-шегі болмайды...» деп еді.

Қытайдың ерте заман ғұламалары да: «Адам өмірі шекті, ал, білім шексіз болады, күш – күдіретте, байлық – білімде, егер жастар мейірімділікті, білімді, жауапкершілікті және әділдікті таңдаса, жекешіл болмаса, онда оларға табыстылық тән болады» деген ғой. Назарбаев қажырлы үйреніп, мол білімге ие болды. Ол өзі жазып шыққан 20 неше көлемді

шығармасы Саяси, Экономика, Қаржы, Дипломатия, Тарих, Философия, Социология және жаратылыстық ғылымдар қатарлы көптеген салаларды қамтиды. 2000-жылы Назарбаев Үндістанда сапарда болғанда: әлемдік ақша жүйесін жаңадан құрып, қазіргі әлемдік қаржыны басқару принцибін өзгертуді тұңғыш рет ортаға салды. Әрине, бұл мәселені терең бойлап зерттемейінше, қаржы түзілісінің мәндік кеселдерін байқау қиын екендігі түсінікті ғой. Соны ашық айтуға болады: Шетел басшыларының ішінде осыншама көп, әрі дара ой қозғағандар санамалы.

Ересен баурамды ел көсемі

Назарбаев: «Көсемдердің көздеген көмбесі, бағындырар биігі болу керек, Ұлы мұрат, ұлы арман болмаса, саясатқа араласудың, мемлекет басшысы болудың не керегі бар? Мақсатқа жету үшін дәл көздеп бодау беруге, өз басының абыройы мен тағдырын құрбан етуге тура келеді» деген болатын. Ол келелі істерге кесім жасауда, әсіресе, астананы көшіру мәселесінде өзінің баурау қуатын толық көрсетті. 1994-жылы республикалық ең жоғары Кеңестік Мәжілісте ол астананы Ақмолаға көшіруді, әрі жаңа астананы мемлекеттің болашақтағы Саяси, Экономика, Ғылым және Мәдениет орталығы етіп құрып шығуды ортаға қойды. Бұл ұсыныс бейне бомбы жарылғандай күшті дүмпу, қоғамдық пікір саласында күшті толқу тудырды. «Өзін көрсетті», «саяси ойын», «жеке бастық астана» деген секілді қарсы дауыстар мен келеке, мазақ қарша борап,



жаңбырша жауды. Алайда, Назарбаев бұларды елеген жоқ, астана көшірудің пайдасын дәріптей берді. 3 жылдық дайындық арқылы астана 1997-жылы Ақмолаға ресми көшірілді. Көп өтпей, Ақмоланың аты «Астана» деп, (2019-жылы – Нұрсұлтан деп) өзгертілді. Сол кезде мемлекеттік санақ мекемесі ғана Алматыда қалудан сырт, үкіметтің басқа тараулары түгелдей тең уақытта көшірілді. Қазақстанның 3 жылда ғана астана көшіруді орындап болу қарқын тездігі әлемдік рекордқа айналды. Өмірбаянда бұл жағындағы көптеген әңгімелер тарамдап баяндалған.

Бүгінгі күнде жаңа астана құрылып болды. Әр қайсы құрылыстардан осы заманғы үлгілері айбындана көзге түседі, әрі дәстүрлі ұлттық бейнелер мен мұндайды. Назарбаев барлық көлемді құрылыстарды жобалауға түгел қатынасты. Егер сәті түсіп жаңа астанаға бара қалсаңыз, сырт пішіні өзгеден бөлек «Бейжің дашасы. Яңгуаң қонақ үйі» деген құрылысты көресіз. Бұл құрылыс Қытайдың кезіндегі премьер-министрі Жу Ронжи мен Назарбаев ақылдасып бекіткен нысан құрылысы. Сол кезде мен де сол майданда болатынмын. 2009-жылы Жу Ронжи Шанхай ынтымақтастық ұйымының тұңғыш кезекті үкімет басшылары мәжілісіне қатынасқан кезде Назарбаевпен екі жақты кеңес өткізді. Назарбаев Қытайдың жаңа астанада үлкен бір қонақ үй салуға көмектесуін үміт ететіндігін айтты. Жу Ронжи сол майданда: «Жарайды, қаншалық биік болуын өздерің белгілеңдер» деп жауап берді. 2015-жылы «Бейжің дашасы. Яңгуаң қонақ үйі» салынып болып, мемлекет басшысы дәрежелі үкімет адамдарын қабылдайтын сәулетті құрылысқа айналды.

Айтуға батыл, істеуге шебер ізденімпаз басшы

Назарбаев президент мезгілінде көптеген келелі дипломатиялық ұсыныстарды алға қойды, көп сандысы табысқа жетті. Бірінші, мемлекет жөнінен тарихи мән алатын Өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Азия конференциясы ұсынысы (Шанхай ынтымақтастық ұйымы). Мұны ол 1992-жылы 10-айда Біріккен Ұлттар ұйымының 47-кезекті мәжілісінде ортаға қойды. Бастапта халықарада аңыз онша күшті болмады, оның өзінің жеке ұсынысы деп саналды. Оның үстіне, сол кезде Қазақстанның тәуелсіздік алғанына ұзақ болмаған еді. Алайда, осыдан соң, Назарбаев бұған бар күшін салды, Барлық дипломатиялық дәсмаясын істетті деуге болады. Ол Қазақстанның сыртқы істер министрлігін әскери уәде бойынша, Азия мемлекеттерінің Өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Азия конференциясын (Шанхай ынтымақтастық ұйымы) қолдауына йе болуды сыртқы істер қызметінің маңдай алды орнына қойып істеуін талап

етіп, Бұл мақсатты іске асырмай бел шешпейтін бекімін айтты. Қытай мен Ресей бұл дәріптемені қолдайтын майданын ең алдымен білдірді. 10 жылға таяу құлшыну арқылы Өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Азия конференциясының (Шанхай ынтымақтастық ұйымы) 1-реткі бас қосуы 2002-жылы 6- айдың 4-күні Алматыда ашылды. Өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Азия конференциясына (Шанхай ынтымақтастық ұйымына) мүше 16 мемлекет, Біріккен Ұлттар ұйымы, ЕҚЫҰ, Арап мемлекеттерінің лигасы қатарлы халықаралық ұйымдар және бақылаушы мемлекеттердің уәкілдері осы реткі бас қосуға қатынасты. Мен сол кезде Қытай мемлекетінің уәкілі ретінде жалпы мәжіліске қатынастым. Мәжіліс өте табысты болды. Қытай мен Ресейдің бұл жұмысты қолдағандығына алғысын білдіру үшін, мәжіліс ашылған күні кеште, Назарбаев Қытай мен Ресейдің сол шақтағы басшыларын ғана ұсыныс етіп қонағасы берді. Өмірбаянда автордың жазғанындай: Өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Азия конференциясы (Шанхай ынтымақтастық ұйымы) бүкіл дүниеге Қазақстанның және 21-ғасырдағы халықаралық қатынас пен қауіпсіздік жаңа жұлгесін тұңғыш құрушылардың бірі – Назарбаевтің парасаты мен ұйымдастыру қабілетін әйгілеп көрсетті. Осыдан соң, Назарбаевтің дәріптеуінде, Қазақстан келелі халықаралық мәжілістерді және дәстүрлі ашылатын дін көсемдері құрылтайын, басқада көптеген көлемді халықаралық мәжілістерді табысты өткізді.

Алпыс неше жылдың алдында жазылған хат

Кітапта Назарбаевтың орта мектепте оқып жүрген кезінде Қытайдың Сычуань өлкесі Зыгон қалалық 5-орта мектебінің жас оқытушысы Чжоу Бочуаньға жазған хаты жарияланды. 1957-жылы 11-айдың 5-күні Чжоу Бочуань Кеңес коммунистік жастар лигасы Орталық комитетіне хат жазып, Қытайлық бір оқушымен хат хабар қатынасын орнатуды үміт ететіндігін айтқан. Кеңес коммунистік жастар лигасы Орталық комитеті сол кезде бұл хатты Қазақстан коммунистік жастар лигасы Орталық комитетіне жолдайды. Қазақстан коммунистік жастар лигасы Орталық комитеті Назарбаевқа Чжоу Бочуаньға жауап хат жазуын тапсырады. Назарбаев 1958-жылы, 3-айда Чжоу Бочуаньға жауап хат қайтарды. Ол хатта өзінің Қытайдың коммунистік жастар лигасымен қалам дос болғанына аса қуанышта екендігін, коммунистік жастар лигасының бір мүшесі ретінде, өзінің отан құру істеріне үлес қосуға қашан да даяр екендігін айтады. Бұл екі хат қазақ тілінде жазуылып, 1958-жылы 3-айдың 16-күні «Коммунизм үшін күрес» райондық газетте басылды, әрі Чжоу Бочуаньның суреті қоса берілді. Қазіргі

оқырмандар біле бермеуі мүмкін, ХХ-ғасырдың 50-жылдарында Қытай мен Кеңес одағы дос кезінде екі ел оқытушылары, оқушылары өзара хат жазып тұруды абыройлы іс саналады. Хат мазмұндары негізінен оқу, тұрмыс және отбасы жағдайларын өзара баяндап жеткізу болып келеді. Мен орта мектепте оқып жүрген кезде Кеңес одағының оқушысының орыс тілі мұғаліміме орысша жазған хатын көргенім бар. Өкінішке орай, Қытай мен Кеңес одағының қатынасы бұзылғаннан кейін екі ел халықтарының арасындағы мұндай хат алысу үзіліп қалды. Бұл тарихи естелік өте маңызды, өйткені, ол оқырманға сонау ХХ-ғасырдың 50-жылдарында Назарбаевтың Қытаймен араластығы барлығын айтып береді. Осы әңгіме айтылғанда Си Мацянның «Тарихнамасында» жазылған Қытайдың батыс Хан патшасының екі ханшасының қазақ ұлтының ата тегі Үйсін патшасына ұзатылғандығы жайлы әңгімені еріксіз еске алдым. 2000 неше жылдың алдында Қытайдың Хан Уди патшасы Үйсіндермен бірлесіп Ғұндарды шектеуді үміт еткен. Адал ниетін көрсету үшін хан тұқымының екі ханшасын Үйсін патшасына ұзатып берген. Сөйтіп, Ғұндардың оң қанатын кесіп, Ғұн күштерін талқандаған. Сол кезден бастап осы екі ұлт қарым- қатынас орнатқан. Сол себепті мен Қытай мен Қазақстан достық тарихы өте әріден бастау алып үзілмей жалғасып отырған деп үнемі айтып жүремін.

1992-жылы Қытай-Қазақстан елдерінің дипломатиялық қатынас орнатуы – бұрынғыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер болған келелі іс болды. Дипломатиялық қатынас орнатқан 30 жылдан бері, екі ел қатынасы үздіксіз тың белестерге көтерілді. Әсіресе, 2013-жылы 9-айда бас хатшы Си Цзиньпин

Назарбаев университетінде « Бір белдеу, бір жол» экономикалық белдеуін ортақ құру дәріптемесін ортаға қойғаннан кейін, осынау екі көрші барған сайын бауыр басып, нағыз тағдырлас ортақ тұлғаға айналды. Бұл – тарихтың табиғи талғамы, Назарбаевтың және Қытайдың бірнеше ұрпақ басшыларының ортақ құлшынуының нәтижесі. 2003-жылы мен қазақстаннан кетерде Назарбаев маған «Республика достық орденін» өз қолымен силады, әрі менің бұдан кейін де Қазақстанның дамуына жалғасты назар салуымды үміт ететіндігін білдірді. 2019-жылы Назарбаев президенттік міндеттен шегінді. Ол президенттік міндетті Тоқаевқа өткізіп бергенде оны мадақтап, «ең сенімді адам» деп атады. Менің Тоқаевпен танысқаным 30 неше жылдың жүзі болды, көне достармыз. 2019-жылы 2-кезекті «бір белдеу, бір жол» халықаралық селбестік талқысы» кезінде Қытайдың бас хатшысы Си Цзиньпин Назарбаевқа Қытайдың шетел қайраткерлеріне берген ең жоғары дәрежелі сыйлығы болған «Достық орденін» өз қолымен сыйлады, әрі оны екі ел қатынасын дамытуға маңызды үлес қосты деп мадақтады.

Мен БАҚ-қа мынаны талай рет айтып келемін: «Назарбаев – Қазақстанның ұлт көсемі, ол – өзінің идея жүйесін құрды, көрнекті саясаткер және стратег көсем». «Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір баяны» атты бұл кітаптың қытай тіліндегі оқырмандары осынау ұлы тұлға басшыны түсінетін тың арнаға айналатындығына сенемін.

Қытай тілінен аударған: Қанатбек Жұмабайұлы



# COVID-19 ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ІРГЕЛІ КҮРЕС

## Бүкіл әлемде өрбіп, халықаралық ұйымдар жұмылдырылды

Исатай ҚАМБАРОВ

Халықаралық терминде COVID-19 аталған індет әлемге дендеп жайылғалы, оның қай елді алсаңыз да, салған лаңы құдды соғыстың алдыңғы шебінен тараған ақпардай, қатерлі де қауіпті жаңалықтармен дүрліктірді. «Жібек жолы жастары» журналы online мәжіліс ашып, әлемдік пандемиямен күресуге арнап, арнаулы сан шығаруды ұйғарып отыр. Көпшілік індет қауіпіне қарамастан күрестің алдыңғы шебіне барып, әр елдің індетке қарсы күрестегі тәжірибесі мен жан тебіренерлік оқиғаларды оқырман назарына ұсынып, адамзат басына төнген осы алапат зұлматпен неғұрлым өнімді күресуге күш-қуат берді.

Атап айтар болсақ, 26-ші маусымның таңына Қазақстанда коронавирус қауіпінің 19750 жағдайы тіркелген, 12304 адам айыққан да, өкінішке орай қайғылы қазаға ұшыраудың 147 фактісі есепке алынған. Ал, арада аптаға жетер-жетпес кезеңде, маусымның 11-інен 12-сіне қараған түнде: коронавирус жағдайымен тіркелгендер саны 13558-ге жетсе, айыққандар 8593 адам болған, қайтыс болғандардың саны 67-ге жетіпті. Бір ғана аптадағы коронавирус лаңының айырмасын өзіңіз-ақ осыдан бағамдай беріңіз!

Бұл жерде елімізде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзі тікелей бастамасымен енгізген карантиннің және індетпен күресті шұғыл қолға алуға арналған нақты шаралардың нәтижесін бергенін атап айтқан жөн. Қазақстан Президенті ақпан айының соңында-ақ өзінің Twitter-дегі парақшасында: «Коронавирустың бүкіл әлемге таралуы аса қауіпті. Үкіметке азаматтардың денсаулығын қорғау мақсатында мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық нысандардың қызметіне нұқсан келмейтіндей жан-жақты шаралар қабылдау тапсырылды» деп жазған болатын.

Шын мәнінде, дер кезінде қабылданған шаралар, тиісті министрліктер мен ведомстволардың бірлескен және үйлесімді іс-қимылдары COVID-19 індетінің алдын алуға зор ықпалын тигізгені даусыз. Атап айтар болсақ, сонау наурыз айының басында-ақ, нақты 2 наурыз күні өткен ҚР Үкіметінің кезекті отырысында Қазақстан аумағында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мәселесі кеңінен әңгіме болды.

«Денсаулық сақтау министрлігі осы жылдың 6 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекцияның әкелінуі мен

таралуының алдын алу бойынша күшейтудің үш кезеңін іске асырды. Биылғы 1 наурыздан бастап – сол елдерден келген тұлғаларға карантиндік іс-шаралар қолданылатын елдердің тізбесін кеңейтетін – күшейтудің 4-кезеңі енгізілді», – деді ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұрынғы министрі Елжан Біртанов сол алқалы жиындағы сөзінде.

Сол кездің өзінде-ақ Үкімет ҚР-да коронавирустық инфекцияны анықтау және тарату кезіндегі Іс-қимыл алгоритмін әзірлеген («Б Жоспары») болатын. Сөйтіп, биылғы 1 наурыздан бастап ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысымен бірінші санаттағы елдер қатарына Қытай Халық Республикасымен бірге, Иран, Оңтүстік Корея, Жапония, Италия, Гонконг (ҚХР), Тайвань (ҚХР) және Макао (ҚХР) жатқызылды.

Өз кезегінде ҚР сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді коронавирус инфекциясының таралуы бойынша эпидемиологиялық қауіп жоғары елдердегі шетелдік мекемелерімізде жедел штабтар құрылғанын, біздің азаматтарды эвакуациялау бойынша іс-әрекеттер алгоритмдері қабылданғанын және консультациялар беру мақсатында «жедел желілер» ашылғанын жеткізді.

Бұдан басқа жедел түрде Қытаймен тұрақты әуе рейстері, жаяу жүру бекеттері, темір жол/автомобиль жолаушы тасымалы тоқтатылды. 2020 жылғы 3 ақпаннан бастап Қытайдағы барлық шетелдік азаматтарға виза беру тоқтатылды.

Биылғы 5 наурыздан бастап Әзербайжанмен әуе рейстері қысқартылды және Иран азаматтарының Қазақстанға кіруіне тыйым салынды.

Дәл сол уақытта қолда бар мәліметтер бойынша, аталған елдерде 95 мыңнан астам азаматтарымыз бары анықталды, оның ішінде 35 мыңы Кореяда, 40 мыңы – Америка Құрама Штаттарында, 5100 – Біріккен Араб Әмірліктерінде, 5000 – Германияда, 3000 – Ұлыбританияда, 1800 – Италияда, 1000 – Францияда. Олардың басым бөлігі – студенттер, еңбек мигранттары, шетелдегі мекемелердің қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері, туристер мен бизнесмендер.

Айта кету керек, дер кезінде және шұғыл қолға алынған шаралар нәтижесінде шет елдерден жүздеген отандастарымыз ұшақпен елімізге жеткізілді. Мұның үстіне кейбір көршілес елдерден, тіпті алыс та болса достастық мемлекеттердің де азаматтары

Қазақстан арқылы коронавирус қатері белең алған елдерден біздің Үкімет оперативті жүзеге асырған ұшақтар рейстерімен шығып үлгерді. Бұлар басты қалаларымыз – еліміздің астанасы мен Алматы қалалары ғана емес, тіпті сол қос мегаполистің емдеу мекемелері мейлінше толықтырылуы салдарынан, тіпті солтүстікте Петропавлда, оңтүстікте Тараз бен Талдықорғанда, басқа да медициналық мүмкіндіктері жеткілікті жекелеген облыс орталықтарына да орналастырылып, тиісті ем-дом дер мезгілінде оңды өрісін тауып жатты.

Бастапқы кезде карантиннің қатаң талаптарына бірден көндіге алмай, оқшауландырылған азаматтар ұрыс-керіске барып жатса да, кейіннен мұның бәрі өздерінің, жақын жандары, туыстары мен жора-жолдастары, жұмыстас әріптестері ғана емес, әсіресе балаларының денсаулығын сақтандыру үшін жасалып жатқанына олар іс жүзінде көздері жетіп, мойындауға мәжбүр болды. Ақыр аяғында клиникалар мен оқшауланған емдеу орындарынан шығар сәтте медицина қызметкерлері мен аталған мекемелердің барша қызметкерлеріне олардың алғысы шексіз болды.

Ерекше бір айта кететін маңызды мәселе тағы да ірі мегаполистерімізде – Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматыда – заманауи емдеу орындары салынып, соңғы үлгідегі медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген ғимараттар шұғыл бой көтеруі. Бұлар да дер кезінде, әсіресе коронавирус елімізде, шын мәнінде қатерлі сипатта өрши бастағанында, ширекқан жағдайды уақтылы жеңілдеткен шаралар болып табылды.

Бұл ретте ҚР премьер-министрі Асқар Мамин: «Вирус әлемдік экономикаға, атап айтқанда, өнеркәсіпке, транзитке, сауда мен экспортқа кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдау қажет», – деп атап көрсеткен болатын сол кезде.

Үкімет басшысы мемлекеттік шекараның барлық өткізу пункттерінде санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейтуді және іс-шараларды жүзеге асыруға дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ, елімізде бұған дейін жоспарланған ірі халықаралық іс-шараларды өткізу уақытын ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізу, коронавирустық инфекцияның таралуы бойынша қолайсыз жағдай орын алған елдер үшін транзиттік, электрондық, туристік визаларды беруді уақытша тоқтату тапсырылды.

А. Мамин фармацевтикалық кәсіпорындарда медициналық маскалар мен басқа да қорғаныс құралдары өндірісін арттыруды қамтамасыз етуді де тапсырды. Ал, осының бәрі, түптеп келгенде, оңды нәтижелерін берді де. Бастапқы сәттері қарапайым маскалардың өзі жетіспеушілігі байқалғанымен,

кейін келе, тағы да мемлекет тарапынан қыруар көлемде қаржылай қолдау көрсетілуі себепті барлық аймақтарға жеткізіліп берілді.

Мұның сыртында халықаралық деңгейдегі қолдау көрсету тиімді болғанын да атап айту қажет. Мәселен, Қытай Халық Республикасы сәуір айында Қазақстанға медициналық маскалар, қолғаптар, қорғаныс киімдері мен термометрлер жөнелтіпті. Еліміздің Әскери-Әуе күштерінің ұшағымен 1 тоннадан астам гуманитарлық жүктер жеткізілген. Қытай тарабы бұдан бұрын да өтеусіз көмек көрсетіп, тестілеу аппараттарын, медициналық қолғаптарды, қорғаныс көзілдіріктерін, халаттар мен басқа да медициналық қорғаныс құралдарын жеткізіп берген, олар медициналық ұйымдар арасында таратылған болатын.

Елімізде коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы күреске Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорынан 200 миллион теңге бөлінді. Бұл қаражат Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асқан.

«Бүгінде Қазақстанда эпидемияға қарсы іс-шаралар толық көлемде жүзеге асып жатыр. Бұл әрекеттер қазіргі ахуалға сай және дер кезінде қолға алынды. Мемлекет теңдессіз шараларды қабылдап отыр. Қауіпті індетпен күресте отандық бизнес те қолдан келгенше көмектесуде. Мен бұл бастаманы қолдап, әлеуметтік жауапкершілік танытуға және біздің қоғамның бірлігін көрсетуге шақырамын. Біз барлық сынақтан сүрінбей өтеміз. Біз біргеміз!», – делінген Қазақстанның Тұңғыш Президентінің тапсырмасында.

Бөлінген қаражат Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары әкімдіктері арасында теңдей үлестірілді.

Қаржылық көмек пандемияға қарсы күреске жұмылған медицина қызметкерлеріне сыйақы беруге, қосымша медициналық бетперделер мен дезинфекциялау құралдарын сатып алуға жұмсалды. Сондай-ақ, қаражаттың бір бөлігі елордадағы балалар үйлері мен мамандандырылған ауруханаларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге де бағытталды.

Сонымен бірге, Қор басшылығы Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына 50 мың медициналық бетперде тапсырды.

Шындығында да, сапалы медициналық техникалармен қамтамасыз ету, қытайлық озық тәжірибелерді солардың өз мамандарының қолдауымен, үздік өнегелерін ұтымды пайдалану арқасында Қазақстан айтарлықтай ілгерілегендік танытуда. Тіпті мемлекеттік ведомстволар мен министрлік басшылығының өзінде вирус жұқтыру, бірақ дер кезінде оларды анықтап, дұрыс ем жасау нәтижесінде тіпті айығып кету фактілері де бізде орын алып отыр. Яғни, бұл – республикамызда қауіпті індеттен арылуда іргелі іс-қимыл жүргізіліп жатқанының айқын дәлелі.



## ЕЛ АРАСЫ АЛШАҚ БОЛСА ДА, ДОСТЫҒЫМЫЗ БАЯНДЫ

Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясы төрағасының орынбасары Сұң ЖЯНЛИН мен қазақстандық жастың жүрекжарды лебізбен жазған хаты

Құрметті Сұң мырза!  
 Есенсіз бе?

Мен Қытайда білім алып жатқан қазақстандық студент Жян Тыйан И боламын, мен осы хатты өзіңізге аса ризашылықпен жазып отырмын.

Әпкем екеуіміз 2017 жылдан бастап Қытайда білім алдық. 2019 жылдың соңында, қысқы демалысқа тараған соң Қазақстанға қайтып, демалыс аяқталғаннан кейін Қытайға келіп оқуымызды жалғастырамыз деп ойлаған едік. Алайда, 2020 жылы қаңтарда дүние жүзін естен тандыра дүрліктірген коронавирус бұрқ ете түсті. Осыдан кейін, Қазақстанда да індет етек жайды. Індет барған сайын өршіп, біз тез арада Қытайдан елге қайтып оралуға мәжбүр болдық.

Өкінішке орай, 200 келіге жуық жүгіміз мектеп жатақханасында сақтаулы қалған еді. Әпкем екеуімізден басқа анамыздың сүйеніш тұтар ешкімі жоқ. Көп жылдан бері, біздің жақсы білім алып, тәрбиелі болып өсіп-өнуіміз үшін анам бәріне шыдап келеді. Бұл 200 килограмм жүк біздің барлық жиған-тергеніміз десек те болады. Біз жол ақысының аса қымбатқа түсетінін естігенде, жүгімізді әкеліп алудан біржолата күдерімізді үзген едік.

Дәл осы кезде, сіз біздің қиыншылығымызды естіп, біз үшін пошта ақысын төлейтінізді айтқаныңызда, қуанғанымыздан анам екеуіміздің төбеміз көкке жеткендей болды. Сіз айналасы екі күн ішінде мұғалімдерімізбен хабарласып, жүгімізді буып-түйіп Жянсудан «Қорғас» өткеліне салып жібердіңіз. Жүк «Қорғас» өткеліне жеткеннен кейін де, тағы да көмек қолыңызды созып, жүкті Қазақстанға жеткізіп бердіңіз. 3800 юандық жол ақысын Қытайлық бір мырзаның төлеген хабарын естігеннен кейін, Қазақстанның пошта қызметкерлері де қатты таңырқады.

Бес бума жүктің неше мың километр жолды басып, отбасымызға аман есен жеткенін көргенімде, қуанышымызда шек болмады.

Сұң мырза, өзіңізге тағы бір мәрте ілтипатпен рақмет айтуыма рұқсат етіңіз. Сіз қиыншылық қыспағында қалған кезде маған көмектесіп қана қоймай, адамдар арасындағы терең сүйіспеншілікті сезіндірдіңіз!

Жян Тыйан И.



Студент жасөспірім Жян Тыйан И!  
 Сәлеметсіз бе!  
 Хатыңызды алдым!

Небәрі 17 жастағы жалынды жас пен оның әпкесінің көршілес дос ел Қазақстаннан алыс жол басып, Қытайға келіп білім алып жатқанын естігенімде, Қазақ елінің жарқын болашағын көз алдыма елестеткендей болдым.

2013 жылы қыркүйекте Қытайдың мемлекет төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанның Назарбаев университетінде дәріс оқығанда «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы тұңғыш рет ортаға ұсынылып, Қытай мен Қазақстанның гуманитарлық ауыс-түйісі тың деңгейге көтерілді. Мен дүниежүзілік Қазақ күресі Азия федерациясы төрағасының бірінші орынбасары болған кезімде, екі елдің мәдениет, спорт саласындағы қарым-қатынасты жандандыру үшін, Дүние жүзілік қазақ күресі Азия федерациясының байланыс жасау орнын Бейжіңге орналастырған едім. 2019 жылы желтоқсанда мен Дүниежүзілік қазақ күрес федерациясы төрағасының орынбасарлығына сайландым. Қайтадан сайлануым мен үшін зор мақтаным болды. Қытай мен Қазақстан көршілес дос ел. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапармен келген кезінде «Екі ел мәңгілік, стратегиялық, ынтымақтастық серіктес ел» деп жариялаған еді. Бұл екі елдің достығының ұрпақтан ұрпаққа жалғасқандығын тағы бір рет әйгіледі. Мен қызмет байланысымен қазақ еліне үнемі барып-келіп тұрамын. Қазақ бауырластармен де терең достық орнаттым. Осы жолғы коронавирус Қытайда таралған кезде Қазақстан үкіметі мен халқының көмегі бізді қатты әсерлендірді. Қазақстанда індет таралған кезде де, Қытай медициналық көмекке мамандарын жіберіп, індетке бірге қарсы тұрды. Мұндай әсерлі

әнгімелерді індетке қарсы күрес кезінде көп естуге болады. Ал, сіздердің жағдайларыңызды естігенде мен Шанхайда жиналысқа қатысып жатқамын. Сіздерге тездетіп қолұшын беруді ойладым да, мектеп басшысымен хабарласып, істің мән-жайын түсіндіргеннен кейін, олардың барынша қолдауына ие болдым. Мен тек болмашы ғана көмек көрсеттім, сен – қазақ елі жастарының уәкілісің. Сондықтан, бұдан былайғы қызмет барысында екі ел мәдениетінің жаршысы, екі ел достығының дәнекері болуыңды тілеймін.

Сен сияқты жігерлі жастардың індетке байланысты уақытша қиыншылыққа тап болғанын көргенде, көмек қолымды неге созбасқа? Жол алыс болғанымен, адамдар арасындағы достықта шекара болмайды. Мен осы орайда сіздерге қолайлы жағдай жасаған оқытушылар мен пошта қызметкерлеріне де алғысымды айтқым келеді. Қиыншылық уақытша ғана, сені ел үмітін ақтайды деп сенемін. Мен сенің қиыншылықты жеңе отырып, оқуыңды табысты аяқтап, үйренген біліміңді отаныңа қызмет етуге жұмсайтынына, ата-ананың ақ сүтін ақтайтынына да сенімдімін.

Індет әлемді жайпап тастардай болғанымен, екі ел халқы дүние жүзіндегі басқа елдер мен өңірлердегі жұрт сияқты мызғымас бірлік және қайсарлықпен кезендік жеңіске қол жеткізді. Жеңіс дабылы көп өтпей қағылады деп ойлаймын. Сол кезде сен Қытайға келіп оқуыңды табыспен аяқтайсың. Мен саған әрқашан көңіл бөлемін және бақыт тілеймін. Екі ел жастарының қол ұстаса алға басуын, достығының баянды болуын шын жүректен тілеймін!

Сұң Жянлин

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚЫТАЙЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Сырым ҒАБИДОЛЛАҰЛЫ

«Дос қадірін қиналғанда білесің» деген нақылдың растығына кешегі қатал карантин кезінде айқын көз жеткіздік. Үйдегі, отбасындағы оқшаулану ғана емес, тіпті бүкіл әлем болып, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа шұғыл шектеу қойылғанда, абдырап қалғанымызды да жасыра алмаймыз. Міне, осындай сындарлы сәтте сәуір айының басында Қытайдан бір топ арнайы маман-дәрігерлер қазақстандық әріптестеріне көмекке келгенін естігенде шын риза болдық.

Қытайлық дәрігерлердің бұл сапары жарты айға созылып, олар біздің медицина қызметкерлеріне еліміз астанасында, Алматы мен Қарағанды қалаларында кеңес беретіні жарияланды. Білікті мамандар тобында: жұқпалы аурулар маманы, вирусологтар, пульмонолог, өкпе аурулары маманы, реанимация маманы, қоғамдық денсаулық сақтау сарапшылары болды.

Тәжірибе бөлісуде бірқатар маңызды кездесілер өткізілді. Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығында Қытайлық дәрігерлер ҰҒКО-ның карантин кезеңіндегі жұмысымен, жедел жәрдем бөлімін аралап, жұмыс барысымен танысты. Қонақтар пациенттерді қабылдау және емдеу бойынша кеңестер берді.



Екі елдің дәрігерлері ортақ тақырыпта бір-бірімен кеңінен пікір алмасты.

Тағы бір маңызды тәжірибе алмасу адамдар көбірек жүріп-тұратын қоғамдық орындарда карантин шаралары қалай ұйымдастырылуы қажеттігіне арналды.

Қазақстан жағынан кездесуді ұйымдастырушылар ашық әңгімеге Қытай тарапынан пульмонолог Чжу Юлун (доктор ZHU YULOG), қоғамдық денсаулық сақтау дәрігері Жантай Талиф (JIANG ATAI TALIFU), жұқпалы аурулар жөніндегі дәрігер Лу Сяобо (LU XIAOBO) қатысты. Қытайлық мамандарды Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің бастығы Сәуле Кисикова ресми түрде бастап жүрді.

